Н.Ә.Назарбаевтың ЭКСПО-2017 Халықаралық көрмесін Астанада өткізу туралы шешім қабылдануына байланысты Қазақстан халқына

Үндеуі

Құрметті қазақстандықтар!

Өздеріңіз білесіздер, Қазақстан Астанада Халықаралық мамандандырылған ЭКСПО-2017 көрмесін өткізу құқына қол жеткізді.

Біз елеулі үміткер, осындай халықаралық форум өткізуде тәжірибесі бар бельгиялық Льеж қаласын жеңіп шықтық.

Бұл Қазақстанның зор табысы.

ЭКСПО көрмесі – бұл мәні жағынан бүкіләлемдік экономикалық форумдармен, ал туристік тартымдылығы жағынан әлемнің ең кең танымал спорт жарыстарымен теңдес жаһандық ауқымдағы оқиға.

Халықаралық көрмелер өткен 160 жылдан астам уақытта олар негізінен экономикалық алыптар саналатын – АҚШ, Франция, Германия, Жапония, Бразилия, Канада, Ұлыбритания, Испания, Қытай және басқа елдерде өтті.

Енді олардың қатарына Қазақстан да еніп отыр.

Біздің осынау жаңа табысымыз біздің бүкіл әлемде құрметті елге айналғанымызды тағы да көрсетіп беріп отыр.

Біз үшін Халықаралық көрмелер бюросына мүше 160 мемлекеттің басым көпшілігі дауыс берді.

Іс жүзінде Астананы бүкіл әлем таңдады!

Сондықтан ЭКСПО-2017-ні өткізу – бұл, сонымен бір мезгілде, Қазақстанның бүкіл әлем алдындағы орасан зор жауапкершілігі.

Біз небары бес жылда Көрме орталығын тұрғызып, жаңа қонақүйлер, жолдар салып, көлікті дамытып, қонақтарды қарсы алуға даярлықты қамтамасыз етіп, үлкен дайындық жұмыстарын жүргізуіміз керек.

Бұл міндеттің ауқымы аса зор.

3 ай ішінде ЭКСПО-2017 көрмесін шамамен 5 миллиондай шетелдіктер келіп көретін болады.

Бүкіл елдер өз павильондарын көрме тақырыбы – «Болашақтың энергиясына» сәйкес дайындайды.

Өткеннің тәжірибесі көрсеткендей, мұндай көрмені өткізу олар өткен қалалар мен елдердің дамуына зор ықпалын тигізді.

Бұл біздің еліміз үшін жаңа энергетикалық және «жасыл» технологиялар алуда аса зор мүмкіндік.

Бұл ЭКСПО-2017-ні дайындау мен өткізу уақытында, сондай-ақ оның нысандарын одан әрі пайдалануда Қазақстанға келіп түсетін миллиардтаған доллар инвестициялар.

Көрмені дайындау мен өткізудің барлық мәселелерін шешу үшін мен Мемлекеттік комиссия құрдым.

Астанада жаңа Көрме кешенінің құрылысы үшін жер белгіленді. Бұл Қазақстандағы тағы бір «халықтық құрылыс» болмақ. Бес жыл тез өте шығады. ЭКСПО-2017-ні өткізу құқы жолындағы күрестегі Астананың табысы – ол бүкіл Қазақстан халқының табысы. Бүкіл қазақстандықтардың Халықаралық көрмені өткізуге белсенді атсалысатынына менің ешқандай күмәнім жоқ.

Мен ЭКСПО-2017-нің біздің тарихымыздың тағы бір алтын парағы болатынына сенемін.

Мен бүкіл отандастарымды топтасуға және біздің елімізді осынау кең ауқымды халықаралық оқиғаға белсенді дайындауға шақырамын.

ЭКСПО ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

ЭКСПО дегеніміз не? Оның бізге берер пайдасы қандай? Ол не туралы болмақ? ЭКСПО — индустрилиазацияның символы. Техникалық жетістіктер мен техниканың өзін назарға салатын халықаралық көрме.

«ЭКСПО» көрмелерінде әлемнің барлық мемлекеті өздерінің ең үздік технологиялық, ғылыми, мәдени жетістіктерін көрсетеді. Олар жаһандық дамудың жаңа күн тәртібін қалыптастырады. Қазақ елі Тәуелсіздігін алғаннан бері қуатты мемлекет ретінде қалыптасып, әлемнің алдыңғы қатарлы еліне айналу жолында талай белестерді бағындырды, тамыры тереңде жатқан төл тарихымыздың жаңа беттері ашылды. Осы қысқа ғана уақыт ішінде экономикалық және әлеуметтік маңызы зор жобаларды қолға алып, әлемдік деңгейдегі іс-шаралардың өтуіне ұйытқы бола білдік. Жаһандық мәселелер талқыға түскен кешегі ЕҚЫҰ-ның саммиті, Астана экономикалық форумы, Инвестициялық форум, Дүниежүзілік ислам экономикалық форумы жас мемлекетіміздің мерейін үстем етіп, абыройын асқақтатты. Ең бастысы, даму бағытын айқындап берді

«Менің арманымдағы үй - Болашақ үй» атты қалалық мактептер байқауы

Еліміз алғаш Халықаралық мамандандырылған ЭКСПО-2017 көрмесін өткізу құқына қол жеткізді. Бұл - Қазақстанның негізгі жобаларының бірі және де ТМД елдерінде өтетін алғашқы көрме болмақ. Өзіндік тарихы бар, ғасырдан-ғасырға жалғасын тауып келе жатқан бұл көрмеге әлемнің алпауыт елдерін баса озып, Қазақстанның қол жеткізуі – үлкен мәртеде. EXPO көрмесін миллиондаған туристер тамашалайды, сондықтан әрбір ел өз мәдениетіндегі ұлттық өзіндік ерекшеліктерін танытатын және өздерінің экономикалық және технологиялық даму деңгейін бүкіл әлемге көрсетуге тырысады. Сол себепті, барша қазақстандықтар ел намысы, ел мүддесі үшін жаппай атсалысады деген үміттеміз.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың: «Мен бүкіл отандастарымды топтасуға және біздің елімізді осынау кең ауқымды халықаралық оқиғаға белсенді дайындауға шақырамын»-деген үндеуін ескерген балқаштықтар "ЭКСПО-2017" халықаралық көрме аясында жас таланттардың шығармашылық идеясын жүзеге асыру және оларға қолдау көрсету, өскелең ұрпақты тарихи-мәдени құндылықтарды бағалауға тәрбиелеу, көркемөнерпаздық шығармашылықты дамыту мақсатында «Менің арманымдағы үй - Болашақ үй» атты қалалық макеттер арасында байқа ұйымдастырды. Осы байқауға мектебімізден 9 «Ә» сынып оқушысы Қайратұлы Ақтілеу қатысып, «Ұтқыр оймен жасалған жұмыс» номинациясын иеленді. Жетекшісі: техникалық үйірменің жетекшісі Иманбаев Р.

"Балқаш қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" ММ
"Балқаш қаласының мәдени-сауық орталығы" КМҚК

EXPO 2017

ДИПЛОМ

ЭКСПО- 2017 халықаралық көрмесі аясында
ұйымдастырылған **"Менің арманымдағы үй- Болашақ үй"**
атты қалалық макеттер көрмесі байқауына қатысып,
"Ұтқыр оймен жасалған жұмыс"
номинациясын иеленген

Қайрат Ақтілеу

МАРАПАТТАЛАДЫ

Қазылар алқасының төрағасы:

Қазылар алқасының мүшелері:

Балқаш қаласы-2015 жыл

Мектебімізде «ЭКСПО – 2017» Дүниежүзілік көрмесін ұйымдастыру жұмыстарын насихаттау бойынша өткізілген іс-шаралар

Мектебімізде «ЭКСПО – 2017» Дүниежүзілік көрмесін ұйымдастыру жұмыстарын насихаттау мақсатында жұмыс жоспары құрылды.

Жоспар бойынша мектеп фойесінде «ЭКСПО – 2017» тақырыбына сай ақпараттық стенді рәсімделді.

Мектеп кітапханасында ЭКСПО-2017 арналған «ЭКСПО-2017 көрмесі-елдіктің ерен жемісі» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Онда: ЭКСПО деген не? Бұрын ЭКСПО Дүниежүзілік көрмесі қай жерлерде өткендері туралы материалдар көрсетілген. Кітапханада көрмені ұйымдастырған-Анитова С.А. оқушылар мен ұстаздардың бұл ақпараттарды жиі қолданатынын айтты.

Сонымен қатар 5-10 сыныптар арасында «ЭКСПО-2017 – Қазақстанның болашағы» атты сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағаттарының негізгі мақсаты – 1851 жылдан бастау алып келе жатқан дүниежүзілік көрмелер тарихы және 2017 жылы Қазақстанда өтетін EXPO көрмесі туралы білімдерін тереңдету. Шығармашылық қабілеттерін нығайту, тарихи зерделілік қасиеттерін дамыту. Оқушыларды қоғам жаңалықтарынан және өзгерістерінен тыс қалмауға баулу. Отанымыз жетістіктеріне мақтаныш сезімін ояту. Жоспарланған іс-шаралар жоғары дәрежеде өтіп, оқушылар өз білімдерін көрсете отырып, біраз мағұлматтармен танысты.

Н.С.Рахимберлина

“Болашақ бүгіннен басталады”
"EXPO - 2017" Халықаралық көрмесін насихаттау мақсатында өткізілген

/сыныптан тыс іс-шараның әзірлемесі/

Сайыстың мақсат, міндеттері:

Білімділік: информатика пәні бойынша оқушылардың алған білімдерін жүйелеу, пәнге қызығушылығын арттыру, ақпараттық және коммуникативтік құзіреттілік тұрғысынан жетілуіне ықпал ету;

Дамытушылық: Оқушылардың ой-қабілетін,дағды, іскерлігін жетілдіру, біліктіліктерін дамыту.

Тәрбиелік: Ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, еңбекқор, іскер, білімді және білімін пайдалана білетін, алдына мақсат қойып, оған жетер жол таба білетін ұрпақ тәрбиелеу. Қазақстан мемлекеті туралы айта отырып оқушылардың патроиоттық сезімдерін қалыптастыру.

Көрнекілігі: Плакаттар, эмблемалар, әр топқа арналған жанкүйерлердің қуатты сөздері.

1-жүргізуші:

Еліміздің қазіргі қызу талқысы да, әңгімесі де, жеңісі де – EXPO-2017. Бұл – үлкен жауапкершілік. Қазақстанның әлемдік деңгейдегі шараларды өткізуде тәжірибесі мол екені рас. Бірақ EXPO-2017 көрмесінің жөні бөлек. Қай жағынан алғанда да, аса ауқымды әрі өміршең. Ең алғаш Дүниежүзілік EXPO көрмесі Лондондағы Гайд-паркте өткізілген еді.

2-жүргізуші:

Содан бері 163 жыл өтіпті. Көрменің беделі өсіп, абыройы артпаса, кеміген емес. Иә, EXPO көрмесі – жалпы саяси және экономикалық мәнділігі бойынша теңдессіз оқиға. Ол индустрияландырудың нышаны және техникалық, технологиялық табыстарды көрсететін ашық алаң болып келеді. 2010 жылдың 1 мамыры мен 31 қазаны аралығында Қытайдың Шанхай қаласында өткен дүниежүзілік көрмеге 190-нан астам ел және шамамен 73 млн адам қатысты. Ұйымдастырушыларға шара 12 млрд доллар пайда әкелді. Орта бизнес табысы кем дегенде 20 пайызға артты

1-жүргізуші:

Сондықтан да Қазақстан EXPO-ға бар күшті жұмылдырып жатыр. Астанадағы EXPO-2017 көрмесі ТМД елдері мен Орталық Азия аумағындағы өткізілетін ең алғашқы халықаралық деңгейдегі көрме болмақ. Қазақстан халықаралық көрме тақырыбын «Болашақ энергиясы» деп таңдаған болатын. Бұндай тақырыптың таңдалуының да өзіндік ерекшеліктері ғана емес, жаһандық өзектілігі де баршылық. Мәселен, орнықты дамуға көшу, баламалы

энергия көздеріне ізденістер проблемасы әлемдік қоғамдастық тарапынан біршама жылдар бойы көтеріліп келеді. Жаңартылатын энергия көздерін дамытудың маңыздылығы да жылдан-жылға артып келетіні айтпаса да түсінікті. Техногендік апаттардың салдары жылдан-жылға ауырлап және болжамдау шеңберінен де шығып жатыр.

2-жүргізуші:

EXPO-2017 көрмесінің басты мақсаты – ғарыш кеңістігі мен энергетика саласындағы нанотехнологияны біріге отырып зерттеп, қолданысқа енгізу. Қатысушылар әркім өз жетістігін ортаға салып, келешектегі қуат көзін үнемдеуге байланысты жобаларын іске асыра алатындығын алға тарты. Сонымен қатар Қазақстан, Ресей және АҚШ ғалымдары бірігіп, бүкіләлемдік EXPO-2017 көрмесіне космостық технологияға байланысты халықаралық көрме ұсынатындарын жеткізді.

1 Жүргізуші:

Құрметті ұстаздар, оқушылар! Бүгінгі «Болашақтың энергиясы» күніне байланысты «EXPO-2017» желісімен өткізгелі отырған “Болашақ бүгіннен басталады” атты білім сайысына қош келдіңіздер!

2 Жүргізуші:

Сайыстың шарты: Сайысқа «ЖАС ПИФАГОРШЫЛАР»және «ЖЕҢІС» командалары қатысады. Сайыс 3 кезеңнен тұрады: Сайыскерлердің ұпайын есептеп, бағалау топбасшысы арқылы жүргізіледі

1- Жүргізуші: Сайыстыңөтілу барысымен таныстырып өтейін

1.Топтардың таныстыруы

2. «EXPO-2017 көрмесіне үлес» білім сайысы

3.Қорытынды

Сайыста орындалатын жұмыс түрлері:

Ауызша сұрақтар

Практикалық жұмыс

Блиц сұрақтарға жауап

Ендеше сайысымызды бастайық.

1 Жүргізуші: Сайысымыздың «Алтын ережесімен» таныстырып кетейін.

Ұран «Кемедегінің жаны бір».

Бағалау топбасшысы арқылы жүргізіледі. Бағалау әділ жүргізілмесе бір ұпай шегеріледі.

3. Егер бір оқушы сайысқа атсалыспаса, онда топтан тағы бір ұпай шегеріледі.

4. Бір оқушының айтқанын екінші оқушы қайталап айтуға болмайды.

2 -Жүргізуші:

Таныстырып таңдамалы команданы,
Ұшталсын деп тілейік қаламдары.
Ұсынған өз жұмысын жобашылар,
Сәтті болсын әрдайым қадамдары- дей отырып, сайысымыздың «Таныстыру» кезеңін бастайық. Әр команда өздерін таныстырады.

1 Жүргізуші:

«EXPO-2017 көрмесіне үлес» білім сайысын бастаймыз

«Қазақстанның биік белесі» (ауызша сұрақтар)

1-топқа

1. Дүниежүзілік ЭКСПО көрмесі тұңғыш өткен жыл?
2.Халықаралық көрмелер бюросы қашан құрылды?
3. 1876 жылы АҚШ - тың алғашқы ЭКСПО көрмесі қай қаласында өтті?
4. 1889 жылы ЭКСПО көрмесінің символына айналған Лондонда тұрғызылған ғимарат?
5. АҚШ тарихында дүниежүзілік ЭКСПО көрмесі қанша рет өтті?

2-топқа

1. Австро - Венгрия империясы дүниежүзілік ЭКСПО көрмесін қай жылы өткізген еді?
2. 1888 жылғы дүниежүзілік ЭКСПО көрмесі Испанияның қай қаласында өтті?
3. 1893 жылы дүниежүзілік ЭКСПО көрмесінде Чикагода орыстың көрнекті ғалымы Славянов өзі ойлап тапқан қандай құралды ұсынған?
4. 2008 жылы дүниежүзілік ЭКСПО көрмесі өткен мемлекет?
5. Қазақстан дүниежүзілік ЭКСПО көрмесінде қанша рет өз павильонын орнатты?

Жауап нәтижесін білген соң экранда«EXPO-2017» сөзі шығады

1 Жүргізуші:

Expo (Экспо) - дүниежүзілік көрме. Ол техникалық, технологиялық табыстарды көрсетуге арналған халықаралық көрме.

Сұраққа жауап алу арқылы көрменің өткізілетін уақытын білетін боламыз

Сұрақ: Адамның анатомиялық ерекшеліктеріне байланысты қабылданған санау жүйесі қандай? (10)

Бұл көрме 2017 жылдың 10 шілдесінен бастап 10 қыркүйегіне дейін Қазақстанның елордасы Астана қаласында Халықаралық көрмелер бюросымен (ХКБ) ұйымдастыруымен өтеді.

«Бізден сұрақ, сізден жауап» демекші «Көрме тақырыбы» блиц – сұрақтарға жылдам жауап беру керек.

1-топқа және 2-топқа

1. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін 1958 жылы алғашқы "бейбіт" көрме өткен қала?

2.1967 жылы адамдардың ғарышқа деген қызығушылығы артқан уақытта, Кеңес Одағының павильонына 13 млн. көрермен келген, дүниежүзілік ЭКСПО көрмесі өткен қала?

3. Дүниежүзілік ЭКСПО көрмесі 2015 жылы өтетін қала?

Нәтижесінде экранда көрме тақырыбы«Болашақ қуаты» шығады.

2 Жүргізуші:

«Жарқын жеңіс» (практикалық тапсырма) әр оқушы өзінің тақырыпқа байланысты презентациясын қорғайды

2 Жүргізуші:

Осымен сайысты тәмамдасақ,
Бұл сайысты өткізер ме ек жаман болсақ?
Үйрендік білмегенді осы жолы,
Тағы да үйренеміз аман болсақ!

Информатика пәнінің мұғалімі
Алиева Шынар

Көгалдандыру мәнді де мағыналы, шығармашылыққа толы жұмыс

Әбдірбай А.Д
география пән мұғалімі

Көрікті мектеп ауласында білім алып жатқан оқушылар табиғатқа етене жақын. Мектеп интернаты оқушыларын өсімдіктер әлемін зерттеуге бағыттап, табиғатымыздың алуан түрлі өсімдіктерімен таныстырып келеді. Әрине, жас ұрпақтың дені сау, жетілген азамат болуына когалдандыру мәдениетінің орны ерекше.

Алуан түрлі өсімдік әлемін мектеп оқушысына үйретудің тиімді жолы- мектеп ауласына «көгалдандыру әлемін» жасау. «Көгалдандыру әлеміне» ағаштың, бұтаның көпжылдық гүлдің әр түрлерінен еккен дұрыс. Өйткені өсімдіктің жапырағын, гүлін, жемісін өз көзімен көріп, өз қолымен ұстап, салыстыра отырып, оқушы өсімдіктің құрылысы мен ерекшелігін таниды, әрі ажырата біледі.

Тәжірибелік алаңда жұмыс істей жүріп оқушы гүлді күтіп баптау әдіс-тәсілдерін іздеп, жаратылыстану бағытындағы пәндерге қызығушылығын таныта отырып, көгалдандырудың қыр сырын меңгере бастайды. Әр гүлдің ерекшелігі мен тіршілік ортасы болатынын түсінеді. Сонымен қатар, ғылыми- зерттеу жұмысын жүргізуге мүмкіндік туады. Оқушылар өсімдікті күте жүріп, қорғау керектігін үйренеді, іс жүзінде пайдалануын көреді. Мектеп ауласына көгалдандыру әлемін жасау нәтижесінде оқушылар экологиялық тәрбие алып мәдениетін артып жатады. Оқушыда жауапкершілік пайда болады, мемлекетімізде көгалдандыру мәдениеті дамиды, қызығушылық пайда болып, келешекте баланың мамандық таңдауына да жақсы әсерін тигізеді.

Сондықтан оқушылардың белсенділігі мен танымдық іс-әрекеттерін арттыру, шығармашылыққа баулу басты назарда.

Бекем болашағымыз балаларымыздың қолында, сондықтан баланы көгалдандыруға, қоршаған ортасын аялауға қазірден қалмай дағдыландыруымыз керек. Ұрпағымыздың жарқын болашағын ойласақ, бүгіннен қалмай ағаш егуді бастайық!

Теория мен тәжірибе ұштасқан сабақтар өте қызықты өтуде

(Оқушылардың тәжірибелі сабақтан алған әсерлерінен үзінді)

Накипова Аида: Биология сабағынан өсімдіктер жайлы оқимыз, алайда гүлдердің ортасында жүріп тәжірибе жүзінде үйренсе есте көп сақталады екен. Тәжірибелі сабақтар арқылы өсімдіктерге деген қызығушылығым мен білімімім артты. Әлі де білгім келетін нарселер көп.

Бимурзина Аяужан: 5 сыныпта, өсімдіктер туралы білу мені қатты қызықтырады. Өсімдіктердің қыр-сырымен жете танысып, үйірмеге қатысқым келеді. Маған тәжірибе жүзінде көріп, өз қолыммен тәжірибе жасаған ұнайды. Өсімдіктер туралы көп мәліметтер білгім келеді.

Жақанов Саламат: Ағаш отырғызудың әдістерін, оларды өсіру мен күтіп баптаудың оңтайлы жолдарын біліп үйрендік.

Қайратұлы Нұргелді: Үйірмеге дейін көп гүлдердің атын білмеуші едім, Дала ,бақша гүлдерін айыра білуді үйрендім. Практикада үйренгенімді ата -анаммен бөлісіп отырамын.

Төкен Мадина: Әсем гүлдерден композиция жасап қана қоймай, көптеген гүлдердің қазақ тіліндегі аталуын, гүлін, күтімін, шығу тарихын, ландшафтық дизайнын жасауға үйрендік.

9 сынып оқушылары: Мамандық таңдау – өте жауапкершілікті іс және маңызды. Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйену керек. Болашақта агроном, дизайнер, суретші, өсімдік қорғау маманы, флорашы, эколог мамандықтарына бағыт алдық. Алған тәжірибемізді сабақ барысында ғана емес, өмірде де іске асыратын боламыз деген сенімдеміз.

Мектеп ауласын қарағайлы баққа айналдыру

Ауланың экологиялық саябағында мәңгі жасыл қылқанжапырақты ағаштар қатары көбеюде**.** Экологиялық саябақта қылқанжапырақты ағаштардың қарағай, бозарша, шырша түрі отырғызылған.

Және біз оларды баптап, күтіп, өсірудеміз. Үйірмеге қатысатын оқушылар оларды әрдайым қадағалап журеміз.

9 «А» сынып оқушысы
Төлеутай Нұрболат

Шырша ағашы ...

Шырша – қарағай тұқымдасына жататын биіктігі 30-50 м, баяу өсетін қылқанжапырақты және мәңгі жасыл ағаш. 15-20 жылға дейін өте жай, кейін жылына 30 см-ге дейін өсетін болады. Дүние жүзінде Еуразия мен Солтүстік Американың қоңыржай аймақтарында өсетін 45 (кейбір деректерде 35-тен

50-ге дейін) түрі бар. Қазақстанда Солтүстік және Тянь-Шаньда, Тарбағатайда, Жетісу (Жоңғар) Алатауында, Алтайда таза шырша орманы ретінде өсетін 2 түрі: Сібіршыршасы және Шренк шыршасы бар.

Сібір шыршасы – қос үйлі ағаш, биіктігі 30 м-ге дейін, бөрік басы өте

сүйір, діңі түзу, бұтақ шоғыры қалың, жайқала өседі. Сұрғылт тартқан қара қабығы бар. Қылтаны төрт қырлы, үшкір, 5-7, кейде 9-12 жыл бойы сақталады. Тұқымынан көбейеді. Сәуір-мамыр айларында гүлдейді, тұқымы тамыз-қыркүйекте піседі. Жемісі – дәнек. Көлеңке сүйгіш ағаш, 300-500 жыл жасайды. Шыршаның қабығында 8-15% илік заттар, қылқанының құрамында С витамині, аскорбин қышқылы, эфир майы, жемісінде 25-29%-дай сұйық май болады. Сүрегі жеңіл және жұмсақ, оны құрылыста, целлюлоза-қағаз өнеркәсібінде, музыкалық аспаптар жасауға пайдаланады; шайыр, қара май, скипидар, канифоль, сүрек сірке қышқылы алынады. Шыршаның ағашы көптеген құнды қасиеттерге ие. Ол керемет берік. 1917 жылға дейін бұл шыршаны құрылыс материалы ретінде пайдаланған. Одан Алматының тұрғын үйлері және қоғамдық ғимараттар салынған, оның ішінде атақты Кафедралды шіркеу де бар. Осы ескерткішті 70-ші жылдары қалпына келтіруде XIX ғасырдағы үйлердің бөренелері пайдаланылды.

Олар жақсы сақталған Тянь-Шань шыршасының ағашынан – музыкалық ішекті аспаптар: гитара, домбыра жасауда таптырмайтын бағалы материал.

Мәңгі жасыл өсімдік болғанымен, 6-12 жылда қылқандарын кезекпен түсіріп, жаңарып отырады. Өсе келе жан-жағына жайыла түсетіндіктен, олардың бір-бірінен немесе өзге ағаштардан арақашықтығы кемінде 6 м болғаны дұрыс. Осы себепті де оны тар аулалардан гөрі, арнайы бақтарға, кең ауласы бар балабақша, мектеп алаңқайларына еккен жөн. Шыршаны ауа тазартатын ерекше қасиетіне қарай, аурухана, шипажайлардың маңына көптеп еккен дұрыс.

Шыршаның түрі өте көп. Оның ішінде қылқанының түсі көк, қызғылт, сарғыш және ашық жасыл түрлері көгалдандыруда үлкен қолданыста. Шығыс шыршасының қылқаны сары немесе алтын түстес, ине қылқанды шыршанықі көк, көкшіл, кәдуілгі немесе еуропалық шыршаның қылқаны қою жасыл, балқандық шыршанықі күміс түсті немесе сұр болады. Дүние

жүзінде 50-ге жуық түрі бар. Қазақстанның таулы аймақтарында бірнеше шыршадан құралған ормандар бар, ал көгалдандыруда он шақты түрі қолданылады. Олардың арасында бойы бір метрден аспайтындары да бар. Тіпті соңғы уақытта жерге жайылып өсетін түрлері де елімізде жерсіндіріліп жатыр. Ботаника бағында олардың орны ерекше. Сондықтан сұрыпты, қылқаны көк немесе ашық жасыл түрлерін отырғызған абзал.

Шыршаның ағашы жұмсақ, жеңіл және мықты емес. Сондықтан құрылыста, ағашты қайта өңдеуде қолданылады. Шыршадан жасалған музыкалық аспаптардың дауысы керемет болады. Италиян скрипка шеберлері Амати мен Страдиваридың скрипкалары шыршадан жасалған. Шырша өнімінен қағаз және қатты қатырма қағаздар, целлюлоза, скипидар, канифоль майларын және ағаш сіркесін алады. Шыршаны жол жиектеріне жел ұстағыш ретінде егеді. Тұқымы орман құстары мен кеміргіштеріне тамақ ретінде қызмет етеді. Діңінің қабығы теріилеуде қолданылады. Шығра ағашын өсіруді біздің мектебіміз де қолға алды. Мектебіміздің оқушылары шырша ағашын егіп, оны әрдайым бақылап, өсу мүмкіндігін жасауда. Шыршаның барлық түрі күн көзін жақсы көреді. Сұрыпты түрлері жеңіл топырақты, ық жерлерде жақсы өседі. Жыл сайын сынған, майысқан бұтақтарын кесіп, реттеп отыру керек. Тұқымы және қалемшелеу арқылы көбейтіледі. Мектеп ауласын көгалдандыру үшін биіктігі 0,7-1 м деңгейіндегі дайын көшетін сатып алып отырғызған дұрыс.

8 «А» сынып оқушысы
Бағдаулет Айгерім

Көкшедегі демалыс...

Әр адамның ерекше бір көңілінде қалатын, қызықты да қуанышты сәттері болып жатады. Осындай сәттердің бірі менің де басымнан өтті. Неге дейсіздер ме? Себебі, мен Жер шоқтығы атанған көрікті Көкшетаудың ең бір әсем, жанға шипалы өңірі, Бурабайда болып қайттым.

Мағжан мен Сәкен жарыса жырға қосқан, талай сал мен серіні саясында серуендеткен көрікті Көкшені кім білмесін?!

Бурабай, Оқжетпес, Жұмбақтас, Ұйқыдағы батыр дейсіз бе, күллі көрік пен тылсым жұмбақты тұла бойына жасырған киелі мекен ғой – бұл. Алыс-жақын шетелге таңдай қақтырып, сұлулығына тәнті еткен тылсым табиғатты – Бурабай баурайын ел «Қазақстанның Швейцариясы» атап кеткен.

Осы «Қазақстанның Швейцариясы» атанған көрікті жерге жылда мектебіміздің ұйымдастыруымен көптеген балалар демалуға барады. Сондай бақтың бірі менің де басыма қонды.

Бурабайда орналасқан шипажай жатуға арналған екіқабатты бес үйден, әкімшілік-медициналық корпустан, ойын алаңдары бар клуб-асханадан тұрады. Балалардың денсаулықтарын қадағалайтын маман дәрігерлер бар. Бұл жерде демалушылар 5 мезгіл тамақтанады. Жеміс, көкөніс, ұлттық тағамдар, қымыз үзілмейді. Осындай жағдайда тыныққан балалар да, демалыстан күтіп алған ата-аналары да риза. Балаларға арналған санаторийде табиғат аясында тынығумен қатар мәдени-көпшілік, тартымды-танымдық шаралар көптеп өткізіледі. Айтулы даталарға ұйымдастырылған іс-шараларға балалар айтарлықтай қызығушылықпен қатыстық. Спорттық турнирлер де жиі өткізілді. Сондай-ақ Көкшетау қаласынан келген облыстық қазақ және орыс театрларының, Астананың қуыршақ театрының қойылымдарын, Шортанды қаласының қолөнер мұражайының көрмесін тамашалаған біз өнер мен эстетика иіріміне бойлай түстік. Көкшетау бойындағы табиғат аясына шығып оны тамашалау, Бурабай көліне шомылу, тарихи орындарға саяхат жасау, біз үшін естен кетпес жайттар еді. Жыл сайын балаларға зор қуаныш сыйлап, осындай демалыс орындарына жіберетін мектебіме мың алғысымды айтып, ризашылығымды білдіремін.

7 «Ә» сынып оқушысы
Амангелді Ақниет

Бөлме гүлдері

Гүл - Бүкіл әлемнің әсемдігі мен әдемілігін бойына жинаған ерекше қасиеттері бар. Қандай гүлді қарасаңыз да көзіңіз тоймайтын, гүлге деген ғажайып дүниелер есіңе түседі.

Бөлме гүлдеріне бөлме жағдайына байланысты өсімдіктерге қажетті жағдайларда тыңайтқыштар беріп, оларды аса бір ерекше күтіммен өсіреді. Гүл - өсірген бөлменің күн көзінің аса көп болмағанын қажет етеді. Сол үшін қажетті мөлшердегі жарық, ауа, топырақтың ылғалдығы мен температурасы дұрыс болу керек.

Бөлме гүлдерінің ең баты қасиеті - адам өміріндегі зиянды микроорганизмдерді жойып отыратын ерекше зат - фитоцидтерді өз бойынан бөліп шығарады. Тағы да бөлме гүлдері бөлмедегі еденде, терезе алдында, тұрып қалған шаңдарды тазартып, бөлмені ылғалдандырып отырады.

«Гүлстан» үйірмесінің жетекшісі
Төлегенова Анар

Сіз қандай гүлді ұнатасыз?

Сауалнама

Адамдардың түс таңдауына қарап психологтар олардың мінезін, ішкі жан-дүниесіндегі құбылыстарды болжайды екен. Біреулердің бір ғана сүйікті түсі болатын болса, енді бірі әр түрлі түсті іздейді екен. Сонымен өзіңіздің немесе жаныңыздағылардың мінезін білуге тырысып көріңіз.

Ол үшін, өзіңіздің жаныңызға жақын, ұнатанын «Қызыл», «Қызғылт», «Сұр», «Алқызыл», «Ақ», «Көк», «Қызыл қоңыр», «Күлгін», сияқты түстердің бірін таңдаңыз. Таңдаған түсіңізге байланысты төменде жазылған сипаттаманы оқыңыз.

Қызыл - белсенділік пен өмірлік күш қуаттың белгісі. Бұл түсті батыл,табанды, ерік жігерлі адамдар ұнатады. Олар қызба, әсершіл, қызу қанды келеді. Негізінен олар жетекшілер.

Қызғылт - жалынның түсі, негізінен ол адамдар ыстық қанды болып келеді.олар жарқын,айырықша адамдар. Көптің ішінде ерекшеленіп тұрады.Жұрттың назарын өзіне аударып алады.Алға қойған мақсаттарына жету жолында өмірлерін қиюға әзір.

Сұр - жылу мен жарықтың түсі.Бұл адамдар көпшіл, достыққа берік, еркіндікке талпынғыш.Ол бәрінен де өз еркіндігін биік қойып,әр түрлі шектеулерді жек көреді.Көңіл күй тез өзгергіш,оптимист адам.

Алқызыл - нәзік жанды ұяң жандардың түсі.Осындай адамдар туралы жұрт өмірдің тек жақсы,жарқын жақтарын ғана елеп ескеріп,қараңғы тұстарын ескергісі келмейді.Аузын ашса жүрегі көрінетін кіршіксіз,табиғи болмысты биязы және әдемі заттар мен жайлылықты сүйетін адам.Оған сезімталдық нық сенімділік қасиеттері де тән.

Ақ - шаттықтың түсі ақ түсті ұнататындар өте әсершіл қызба келеді, тез еліктегіш.Мұндай адамдар кейде өзінің ықпалында кетеді.Оларға өздерін демеп бағыттап отыратын сенімді достар ауадай қажет.

Көк - адамдар арасындағы жақсы қарым - қатынасты ең жоғары бағалайтын адамдар.Олар достықты бағалап,ал махаббатты бәрінен жоғары қояды.Олар зұлымдықты,салқын қандықты, араздықты ұнатпайтын ақ тілекті жандар.

Қызыл қоңыр - өмірден мол тәжірбие алған жандар. Оның өз тәртібі бар, ойы кемелденген адам. Бұл түсті қалайтындар байсалды мінезімен тартымды келеді.

Күлгін түсті өзінің талғамы орныққан, ақылды екенін сыртқа білдіруге тырысатындар жақсы көреді. Олар жұмыста аса белсенді, әртістік қабілеті бар, ұжымда абыройлы болуға талпынатындар. Олар өзгеге жаны ашығанымен өзін ғана ойлайды. Күлгін түсті қатты ұнататындардың осындай мінезі бар.

2 «А» сынып оқушысы
Қабылдина Мадина

Үйірменің үйретері көп...

Қай мезгілде болсын, адам еңбегі өте зор. «Гүлстан» үйірмесінің жетекшілігімен біздің мектептің оқушылары мектебіміздегі гүлдерді жылдың қай мезгілінде болсын күтуден жалықпайды. Табиғаттағы жыл мезгілдері тақырыбын өте отырып, толық, анық сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, өз бетімен жұмыс жасауларын және өз бетімен еңбек етуге үйретеді.

Табиғат құбылыстарын бақылай білуге, еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа, табиғатты қорғауға және сүюге тәрбиелейді.

Алдыға қойған негізгі мақсатымыз да – елімізбен жеріміздің гүлденуіне, көркейіп дамуына, экологиялық жақсаруына атсалысу.

«Тәрбие басы – тал бесік» дейді дана халқымыз. Жас ұрпақ кейін жан-жақты білімді, парасатты адам болып өсуіді, және эстетикалық-экологиялық тәрбиенінің не екенін үйретеді.

Егеменді еліміздің ұрпақтарын қашанда табиғат жанашыры болуымен қатар айналасын көктем мезгіліне жасыл желекпен безендіретін біздің мектебімізде жылдан-жылға әдетке айналған. Ерте көктемде оқушылар аула жұмысына көптеп көмектерін береді. Оқушылардың көмегімен көктем, жаз, күз мезгілінде мектеп ауласында еңбек етеді. Бау-бақшаның күтіп-баптауға, көгалдандыруға жауапкершілікпен қарайды.

Жаз мезгілінде жоғарғы сынып оқушылары кезекпен аула гүлдерін суаруға көмектеседі.

Алайда, тынымсыз еңбек пен үлкен ынта-ықыластың арқасында бүгінде мектеп ауласында әр түрлі гүлдерге бөленіп тұрады. Қазір мектеп мақсаты осы мекендегі оқушылардың серуендейтін, демалып тыныстайтын бірден-бір көрікті орынға айналдыру. «Гүлстан» үйірмесінің оқушылары да атсалысып еңбек етіп, гүлдердің түптерін қопсытып,су құйып күтім жасайды.

2 «А» сынып оқушысы
Бейсембаева Заура

Оқушылар қылқанжапырақтылардың гүлі қандай болатынын бақылап, зерттеуде

Қылқанжапырақтылардың гүлі қандай болады? Өсімдік атаулының ішінде қылқанжапырақты мәңгі жасыл ағаштардың орны ерекше. Олар ең ұзақ өмір сүретін өсімдіктерболып табылады. Қылқанжапырақты ағаштар басқа өсімдіктерге қарағанда азот, су, оттегіні 3-4 есеге дейін артық бөледі. Оларды біз гүлдемейді,әдемілігі мәңгіжасыл қылқандарында деп ойлаймыз.

Қылқанжапырақты өсімдіктердің көктем кезінде бұтағының басына шығарған бүршіктері «гүлі» деп саналады. Олар осы бүршік арқылы тозаңданып, тұқым салып көбейе алады.

Оқушылардың жылыжайда гүл өсіруге деген қызығушылығы үлкен

Әбдірбай А.Д
география пән мұғалімі

«Мен жасыл әлемді қолдаймын!»

/тәрбие сағаты /

Мақсаты: Оқушылардың экологиялық білімдерін кеңейту. Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін ояту, өз ойларын толық байланыстыру. Табиғатты сүюге, қорғауға тәрбиелеу.

Керекті құралдар: гүлдер, құстар, ағаштардың суреттері, ойындар.

Барысы:

Шеңберге тұрып, қонақтармен амандасу.

Арайлап таң атты,
Алтын күн сәуле таратты,
Сәлеметсіздер ме!
Қайырлы күн болсын.

Тәрбиеші: Мен бүгінгі күн сендерге жаңа бір жаңалық, көтеріңкі көңіл күй әкелгенін тілеймін.

-Балалар, біздің тақтада жасырын сурет тұр, ашып көрейік. Мына сурет ашылмайды ғой. Арасынан хат түседі. Мұғалім хатты оқиды.

Гүл ханшайымы көмек сұрайды. Сендерге келе жатқанда мыстан кемпір ұстап алыпты.

Ойын: «Сиқырлы қоржын»

Шарты: Қоржынның ішінде тапсырмалар бар. Әрбір екі тапсырманы орындасақ тақтадағы жасырынған сөз ашылады.

-Ойнаймыз ба, балалар?

Бір оқушы қоржыннан тапсырманы суырып алып оқиды.

Жылп, жылп, етемін,

Жылғалардан өтемін.
(су)
-Кім су болып, су туралы айтады?
Екінші оқушы:
-Өз атын атайтын құсты қалай атайды?
-Қандай ағаш түрлерін білесің?
-Қандай гүлдерді білесің?
Гүл туралы өлең оқиды.
Рауан: Қызыл, күлгін, ақ сары,
Шешек атқан сақтары,
Хош иісі сүйсінткен,
Ең әсем гүл бақтағы.
-Біздің өлкенін өзен, көлдерін ата?
— Балқаш көлі
Олар сазан, шортан, көксерек, тағы көп балықтар бар.
-Міне, балалар жасырын ашылды.
Сөзді оқу, дыбыстық талдау жасау. Осы гүлдердің қандай пайдасы бар?
-Олар ауаны тазартады.
-Әсемдік береді.
-Емдік дәрілер жасайды.
-Енді, «Көлеңкесін тап» ойынын ойнау.
Сыныпқа гүлдер ханшайымы кіреді. Ол өзінің аңызын айтып береді.
Ерте, ерте, ертеде,
Жер мұнанда көркем еді.
Шаруалар тұқым сеуіп,
Күні-түні тер төгеді.
Гүл мен жерді көмкереді,
Бидай мен гүл қатар өссе.
Қызығын хан, ел көреді.
Хан:
Бидай ғана елдің көркі,
Дән өсіру ел міндеті,
Пайдасы жоқ гүл дегенге,
Толып кетті жердің беті.
«Құртыңдар бар гүл біткенді,
Деп хан бірде жарлық етті.
Гүл де егеміз,
Дәнде егеміз,

Туған жерге сән береміз.
Дегендерді тыңдамады.
Хан ашулы,. әрі айбатты,
Гүл үстімен мал айдатты.
Хан бір күні аурып қалды,
Айлар бойы сауықпады.
Емші айтты:
Бал қосылған беріндер тауып,
Бал табылса, қалар жаны,
Бал іиздеп ел таба алмады,
Хан жанына қайғы салды.
Бір бала тек сақтап қапты,
Ханға гүлін таптатпапты,
Сол маңайға жиналыпты,
Бал аралар қаптап бақты,
Күлкілі де, әрі қайғылы,
Бала балғын жайды ұғады.
Хан аурудан айығады.
Түрленіпті жер қайтадан,
Бидай тамақ, гүл сұлулық,
Бұл екуі егіз дейді.
Дамытушы ойын: «Көлеңкесін тап»
Мазмұнды суретке қарап, сұрақ жауап әдісін қолданып, балалардан аңыз туралы әңгімелеп беруді талап ету.
Балалар, табиғаттың бізге берер пайдасы шексіз.
Ол туралы ата-бабаларымыз дана сөздерді көп айтты. Мысалы: «Гүлді жұлма», «Бұтақты сындырма» сендер не айтар едіндер?
Зарина: Ұмытпай күнде су құям гүлге,
Жайнайды гүлім,. Құлпыртып түрін.
Нұрлы: Кешкілік пе, күндіз бе,
Өсіп тұрған гүлді үзбе.
Дыбыс тарап сан қилы,
Жұпар иісі аңқиды.
Сурет салу: «Менің сүйікті гүлім».

«Гүлстан» үйірмесінің жетекшісі
Төлегенова Анар

Жылыжайда өсетін дәрілік өсімдіктер туралы шипалы кеңестер

Қазтамақ (PELARGONIUM ПЕЛАРГОНИЯ, ГЕРАНЬ)

Қазтамақтың емдік қасиеті. Қазтамақ шилік за ттарға бай, оның гүлінің құрамында және сабағында танин, каротин, кальций, бояғыш заттар, аминқышқылдары, дәрумендер мен анти-биотиктер бар.

Халық медицинасында қазтамақтың тұнбасын ішу арқылы асқазан, і шек және көз ауруларын емдеуге болады. Сонымен қатар, бүйрек-ке тас байланғанда, тамақ пен ауыз қуысы қабынғанда, сыртқы жараларға, тұмауға, бас ауруына, жөтелге және ревматизмге қарсы қолданылады. Қазтамақтың гүлінің де, жапырағының да, сабағы мен тамырының да ши-палық қасиеті мол.

Қазтамақты косметологияда да қолданады.Өсімдіктің 200грамм ұсақта лған жапырағы мен гүлінің шырынын сығып, қақпағы бар ыдысқа құ-йып, тоңазытқышқа қояды. Дайын болған мұзды таңертең бет-ке уқалап жағады. Ол беттің қан алмасуын жақсартып, өңін кіргізіп, тері-ні жақсартуға көмектеседі

Раушангүл –Роза (лат. Rósa)

Емдік қасиеттері: Қызыл немесе ақ түсті гүлдерінің жапырағынан жасалған тұнба немесе сироп қолданылып халық арасында оның емдік қасиеті мақұлдандыда. Себебі ол жапырақтар Е дәруменіне өте бай. Халық емінде өкпе ауыруына, тыныс жолдарын емдеуге де қолданылады.

Аскөк (Укроп) Шатырша гүлділер тұқымдасына жататын аталмыш өсімдіктің емдік қасиеті мол. Оның тұқымының құрамындағы эфир майы үш пайызға дейін болады. Өсімдіктен су буы арқылы басқа да май түрлерін өндіреді. Одан қан қысымын төмендететін, қан тамырларын кеңейтетін, ішектердің жұмысын жақсартып, реттейтін, зәрді жүргізетін дәрілер жасайды. Халық емінде аскөктің ұнтақталған дәнінің бір шай қасығын бір стакан қайнап тұрған суға салып, жабық ыдыста 1 сағат бұктырады. Қан қысымының өзгеруіне де осы қайнатпаның жарты стаканын қолданады. Оны

тек астан бұрын ішкен дұрыс. Дене күйіп қалған кезде аскөк шырынынан жылыдай компресс жасауға болады.

Қара зере (черный тмин) – ерекше емдік қасиеті бар өсімдік

Өсімдік дәнінің түсі қара болып келеді, оның «қара зере» деп аталуының себебі де осы. Қара зеренің емдік қасиетіне байланысты көптеген ғылыми зерттеулер жүргізілген.

Қара зере майының төмендегідей пайдасы бар:

Иммунитет жүйесін күшейтеді;Бактерияларды өлтіріп, олардың көбеюін тоқтатады;Бронхит пен астмаға (тыныс жолдарының қабынуы) да ем болады;Тәбетті арттырады.

Қара зере сусабыны. Шаштың өсуін тездетеді. Сонымен қатар оны қалыңдатады, үнемі жылтырап жүруіне әсер етеді.

Қара зере сабыны. Тері ауруларын емдеуде көп қолданылады. Сонымен қатар, бетіңіздегі түрлі безеулерді, қара дақтарды кетіруге көмектеседі және уақыт өте келе теріңіздің өз табиғи түсін қалпына келтіруге септігін тигізеді.

Қара зере шайы. Іш кебу, іш өту және өт шаншуы сияқты ауруларға таптырмас ем.

8 «А» сынып оқушысы
Жанпейсов Әлия

Бөлме гүлдерін күтудегі бірнеше кеңестерге назар аударыңыз!

Жарық. Гүлдер тікелей жарық түскенді «жақтыра бермейді».

Жел өті. Гүлдер жел өтінде (сквозняк) тұрып қалмауы керек. Жылы дымқыл топырақ пен суық жел гүл тамырын тез шірітіп жібереді.

Жайлы орын. Гүл егілген құмыраны теледидардың, музыкалық орталықтың және сол сияқтылардың жанына қоймауға тырысыңыз, вибрацияның да гүлге кері әсері бар.

Жылу әсері. гүл құмыраларын қоюға арналған демеуіштерді (подставка) қолданыңыз. Гүлдерді жылу жүргізілген батарейкадан да алысырақ ұстағаныңыз жөн.

Белгі. Құмыраңыздың күнге қараған бетіне белгі қойып қойыңыз. Өйткені, гүлді көп айналдыру оның жайқалуына кері әсерін тигізеді.

Тыңайтқыш. Тыңайтқыштарды уақтылы сеуіп отырыңыз және гүліңізге арнайы сай келетін тыңайтқышты пайдаланыңыз. Ол үшін гүл өсіруші

мамандардың көмегіне сүйеніңіз не тыңайтқыш салынған қорап сыртындағы нұсқаулықпен танысыңыз.

Салмақ. Жапырағы үлкен бөлме гүлдерін төменге, еден үстіне қоюға тырысыңыз. Салмағын көтере алмай, морт кетуі мүмкін.

Суару. Гүлді таңертең суарып отырыңыз, бұл – қолайлы уақыт. Әрине сатушының кеңесіне де құлақ асқаныңыз жөн.

Ауру. Гүлдердің жапырағы бірден қурап, сынғыш келсе, ауруға шалдыққаны. Ол жағдайда мамандардың көмегіне сүйеніңіз.

7 «А» сынып оқушысы
Мейрамгалиева Айсана

Өркен-Медиа телеканалы.....

Телеканал жүргізушілері мектеп маңындағы жылыжайдың үйірме мүшелерінінің жасаған жұмыс жоспарымен, үйірме мүшелерімен, ондағы өтілетін тәжірибелі сабақтармен танысып, сауалдарын қойды. Оқушылар өсімдіктерді өсіру технологиясы, тұқым себу, топырақ құнарлығы, жылыжай микроклиматы туралы сонымен қатар агротехникалық әдіс тәсілдерді үйреніп , болашақта мамандық таңдауға бағыт алатынын әңгімелеп берді.

Әбдірбай Айман Дінисламовна

«Болашақ» жазғы сауықтыру демалыс орталығы

Үздіксіз оқу-тәрбие беру жүйесінде білім алушылардың Қазақстан

Республикасының азаматтары және ұлттық рухты патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін-өздерін танытуларына, болашақ маман иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау-бүгінгі педагогикалық жүйенің негізгі міндеті саналады. Осы міндетті жүзеге асыруда оқушылардың жазғы демалысын мазмұнды ұйымдастырудың да маңызы зор.

Жазғы демалыс уақыты жыл бойына оқушының ең көп демалатын мерзімі, бос уақыты көп болады. Бірақ барлық ата-ана бірдей балаларының демалысын дұрыс ұйымдастырады деп айту қиын. Жазғы демалыс уақытында баланың жыл бойындағы сабақ оқуынан

шаршап қалғандығы білінеді, ол тыныығып, күш жинап, денсаулығын нығайтып, шығармашылық жұмыс жасау қабілетін арттырады. Бұл шараларды балалардың күндіз келіп демалатын жазғы сауықтыру лагері іске асырады. Осыған байланысты біздің метебімізде «Болашақ» жазғы сауықтыру демалыс орталығы жыл жайын өз жалғасын тауып келеді. Жаз шыққа мәз болатын мектеп

оқушылары жылда сауықтыру орталығында демалады. Өзінің арнайы жасалған күн тәртібіне оқушылар қуана бағынады. Себебі, күн тәртібінде бекітілген әр түрлі іс-шаралар оқушы көңілінен шығады. Соның бірі, жылдағы дәстүрімізге айналған, «Болашақ» жазғы сауықтыру демалыс орталығынан тыс сырт жақтарға

серуенге шығу. Серуенге оқушылар демалыс орнынан бірнеше шақырымда орналасқан «Торанғы» деп аталатын талдар тұқымдасының терек туысына жататын шағын орманды алқабына барады. Онда демалушылар далада тамақтанып, ойнап, көлге түсіп, кеш бата демалыс

орталығына бірақ келеді. Таза ауа, көл, таза ауада тамақтану – олар үшін ерекше қызықты. Балалар сол жерде болған әсерімен түн батқанша бөлісуден талмайды. Сонымен қатар демалушылар демалыс орталығындағы бау-бақшасын күтуден еш шаршамайды. Өз еңбектерінің жемісін көру – олар үшін тағы бір қуаныш.

Балқаш өңірінде экотуризмді дамытуға үлес қосамыз

Экологиялық туризмнің ең өзекті бағыттары:

— танушылық;

— ғылыми;

— спорттық;

Туризм бағыттарының ішінде өзін айқын көрсетіп, маңыздылығы жағынан алдыңғы қатарда тұрған ерекше түрі – экологиялық туризм. Экологиялық туризмнің басқа туризм түрлеріне қарағанда табиғи ортаға әлсіз әсеріне және кең дамыған инфрақұрылымды қажет етпейтініне қарамастан, осы бағыттың дамуы күрделі қиындықтарға ұшырауда, ол рекреациялық-туристік инфрақұрылымның көп бөлігінің әлі қалыптасу кезеңінде болуына байланысты. Экологиялық туризмнің басқа туризмдерден принциптік айырмашылығы – табиғатта туристердің берілген тәртіпке бағынуы, табиғи ландшафттарды шамадан тыс ластаудан қорғау және индустриялық туризм дамуының басты шарты болып табылатын табиғи ресурстардың деградациясын болдырмау.

Болашақта туризм нарығында экологиялық туризмнің үлесі 50-60 -ға жетеді деген болжам бар. Қазіргі әлемде туристік сапарлардың ұлғаю саны ел ішінде, сондай-ақ шет елдерге бару қолайлығының артуымен, туристер үшін басқа мемлекеттер шекараларының ашылуымен, барған жерлердің тілі мен дәстүрлерін білу қажеттілігінің төмен болғанымен байланысты.

Қазіргі кезде туристердің рекреациялық талғамдары да түбегейлі өзгеруде. Туристер үшін демалысты урбанизацияланған аймақтардан алшақ орналасқан табиғи аймақтарға барумен бірлестіру, яғни табиғи туризм тартымды көрінеді. Табиғи туризм табиғат қорларын игерілмеген күйінде пайдалануға тікелей байланысты кез келген туризмнің түрі тәрізді анықталады. Бұған келесі қасиеттер енеді: табиғи көріністердің сұлулығы, жердің бедері, судағы демалыс, өсімдіктер және жабайы тірі табиғат.

Туристік ағынның өсуі және көпшілік туризмінің бір саласы ретінде табиғи туризмді пайдаланушылардың сұранысының жоғарылауы қолда бар табиғат байлықтарын тиімді әрі үнемді пайдаланып, табиғи ортаға

әсер ететін экологиялық факторларды азайту қажеттілігін туғызады. Бұл мәселені шешудің бірден-бір жолы – табиғи туризмнің бір түрі боп табылатын экологиялық туризмді дамыту, берілген тұжырымдамаға сәйкес келетін турөнімдерді анықтау, нарықта қолдау және ұсыну.

«Экологиялық туризм» эпитеті «табиғи туризм», «жасыл туризм», «жұмсақ туризм» деп те қолданылады. Ол урбанизацияланбаған және төмен дәрежеде антропогендік әсерге ұшыраған табиғи жерлерге барумен байланысты және ол белгілі ұстанымдар мен өлшемдерге сәйкес келуі қажет.

1991 жылы АҚШ-та орналасқан «Экотуризм» қоғамы ұсынған анықтамаға сай: «Экотуризм – табиғи ортасы жақсы сақталған жерлерге шынайы және мәдени-этнографиялық ақпарат алу мақсатымен жасалатын саяхат түрі. Сонымен қатар, ол экожүйенің бірқалып-тылығын бұзбайды және жергілікті табиғатты қорғауды табысты іске айналдырады».

Біздер де осы бағытта Шұбартүбек ауылында орналасқан «Болашақ» демалыс лагерінің базасында экотуризм жобасын қолға алуды жоспарлап отырмыз.

Алдағы жылдарда «Экотуризм үшін Қазақстанға Балқашқа барамыз» деген сөздер туристтер үшін қалыпты жағдай бола ма деп үміттенеміз

Абеуова Мақпал Бөлекбаевна

Желтоқсан айындағы бақ күтімі

Қыста барлық жерді қар басып тұратындықтан «тыныштық мезгіл дейді». Яғни бұл кезеңде көптеген өсімдіктер демалады. Десек те бір қатар өсімдіктерді қыс кезінде де күтіп, баптау керек**.**

Қысқы бақшаның басты көркі-**қылқанжапырақты ағаштар**. Қылқанжапырақты өсімдіктерді қыс кезінде де өзінің жасыл,көк,сары қылқандарымен аппақ қарға оранып қысқы баққа көрік қосып тұрады.

Аулада егілген жас бозарша қалың жауған қардан соң әсіресе жаңбырмен басталып, соны қарға айналған кезде, міндетті түрде өсімдіктің бұтағындағы қарды сілкіп тастау керек. Демек қардың салмағы ауырлық түсіріп, сындырып жіберуі мүмкін.

Фенологиялық бақылау. Фенология-климат жағдайларымен байланысты табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы ғылым Оқу-тәжірибе учаскесінде жұмыстар мен бізді қоршаған ортадағы жануарлар мен өсімдіктерге жүйелі-фенологиялық бақылау жасау бір-бірімен тығыз байланысты.

Өз мектебімізде фенологилық бақылауларға ерекше назар аударамыз. Олар әсіресе өзіміздің жергілікті жер табиғатын танып білуге ерекше тиімді. Табиғатқа үнемі бақылау жасау балалардың танымын кеңейтіп, табиғатқа деген сүйіспеншілігі артады.

Аулада қылқанжапырақты мәңгі жасыл өсімдіктер қатары көбейген сайын оқушылардың да қызығушылығы да артып, қыс мезгілінде оқушылар кезекпен маусымдық жұмыстарын атқарып үнемі бақылап, күтім жасап отырады.

Мектеп ауласында қылқан жапырақты өсімдігін өсіру мақсатымыз: жапырақтары мәңгі жасыл, ауладағы микробактерияларды жоятын қасиетке ие, қырқып – пішуге қолайлы, хош иісті, әдемілік сыйлайды.

Әбдірбай Айман Дінисламовна

Көгалдандырылған мектеп ауласы